

Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
АҚШ			
S&P 500	6 946	▲ 0,81%	▲ 18,4%
NASDAQ	23 152	▲ 1,26%	▼ -0,4%
DJIA	49 482	▲ 0,63%	▲ 16,7%
CBOE Volatility Index (VIX)	18	▼ -8,29%	▲ 0,0%
Еуропа			
FTSE 100	10 806	▲ 1,18%	▲ 30,8%
DAX	2 145	▲ 0,68%	▲ 25,8%
Азия			
Hang Seng	26 766	▲ 0,66%	▲ 36,4%
Nikkei 225	59 326	▲ 3,50%	▲ 48,7%
Shanghai SE	4 147	▲ 0,72%	▲ 27,1%
Қазақстан			
KASE	7 687	▲ 0,66%	▲ 35,4%

Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Сәрсенбі күні қор нарықтары өсіммен жабылды: S&P 500 0,81%-ға өсіп, \$6 946,13 деңгейіне жетті; Nasdaq Composite 1,26%-ға көтеріліп, \$23 152,08 болды; DJI 0,63%-ға қымбаттап, \$49 482,15 деңгейінде қалыптасты. S&P 500 индексінің 11 секторының 7-еуі сауда барысында төмендеу көрсетті. Ең әлсіз нәтижені Consumer Staples (-1,4%), Materials (-1,1%) және Energy (-0,7%) секторлары тіркеді. Ал Financials (+1,7%), Information Technology (+1,6%) және Utilities (+0,3%) секторларында өсім байқалды.

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	10 894 413 696 117	-0,4%	-0,8%	10,8%
Consumer Discretionary	6 551 953 937 694	-0,2%	0,8%	11,5%
Consumer Staples	3 703 885 566 666	-1,4%	6,9%	7,5%
Energy	2 028 961 927 980	-0,7%	10,0%	19,3%
Financials	7 985 008 318 846	1,7%	-3,1%	5,2%
Industrials	5 517 610 037 260	-0,7%	4,7%	29,2%
Information Technology	19 768 988 047 864	1,6%	-4,7%	56,1%
Materials	1 072 157 021 906	-1,1%	6,9%	16,6%
Real Estate	1 180 494 730 761	-0,6%	4,6%	-3,4%
Utilities	1 488 252 125 828	0,3%	8,9%	19,5%
Health Care	5 735 904 879 577	0,2%	2,1%	6,4%

Кеше АҚШ қор алаңдары сенімді өсіммен жабылып, технологиялық раллиді жалғастырып, соңғы екі аптаның ең жоғары деңгейлерін жаңартты. Инвесторлар жасанды интеллектті қарқынды дамуы мен оның жоғары құнына байланысты ықтимал теріс салдарларға қатысты алаңдаушылықты біртіндеп кейінге ысырып, ұзақ мерзімді пайда әкелу мен трансформациялық әлеуетіне қайта назар аударма бастады.

Қосымша оптимизм драйвері Nvidia компаниясының тоқсандық есебі болды. Жасанды интеллект бұмының негізгі бенефициарларының бірі саналатын компания төртінші тоқсандағы кірісін 68,13 млрд доллар деңгейінде жариялап, нарық күтулерінен асып түсті. Сонымен қатар, ағымдағы тоқсанға арналған шамамен 78 млрд доллар көлеміндегі болжам сарапшылар күткен 72,6 млрд доллардан едәуір жоғары болды. Осы жаңалық аясында компания акциялары шамамен 3%-ға өсіп, технологиялық сектордағы оң көңіл күйді күшейтті.

Осылайша, өткен жылдың басым бөлігінде Уолл-стритте үстемдік еткен жасанды интеллектке қатысты эйфория белгілі бір дәрежеде артық болғанымен, соңғы уақытта орын алған шамадан тыс пессимизм де негізсіз көрінеді. Соңғы бір айға жетпейтін уақыт ішінде американдық бағдарламалық қызметтер секторының шамамен 20%-ға төмендеуі инвесторлардың шамадан тыс реакциясын көрсетеді. Қазіргі таңда нарық саланың келешегін неғұрлым байыпты бағалауға қайта оралуда.

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	401	1%	46,4%
Банк ЦентрКредит	4 734	1%	106,5%
Kcell	3 405	0%	0,8%
Казатомпром	41 306	0%	102,0%
КазТрансОйл	1 055	-1%	28,2%
КЕГОК	1 464	0%	-3,7%
Kaspi.kz	37 000	0%	-32,5%
КазМунайГаз	25 452	2%	74,0%
Эйр Астана	845	1%	-26,1%

Бұған дейінгі сатылымдарға блогтарда жарияланған резонанстық жазбалар түрткі болды, онда жасанды интеллекттің дамуына қатысты аса жағымсыз сценарийлер сипатталған: кеңсе қызметкерлерінің жаппай жұмыссыз қалуы, халықтың сатып алу қабілетінің төмендеуі, сұраныстың қысқаруы, экономикадағы дефляциялық қысым және соның салдарынан қор нарықтарының құлдырауы. Алайда қазіргі сауда динамикасы инвесторлардың мұндай драмалық болжамдарды толық қолдамайтынын көрсетеді.




Сонымен қатар, технологиялық сектордан тыс салаларда қысым сақталуда. Америкалық құрылыс компаниялары мен оған ілесіп салалар акциялары Lowe's компаниясының әлсіз сигналдарынан кейін айтарлықтай төмендеді. Үйге арналған тауарлар сататын ритейлер, нарықтық капитализациясы шамамен 150 млрд долларға жуық, жоғары пайыздық мөлшерлемелер мен басқа да макрофакторлар тұрғын үйге деген сұранысты тежеп отырғанын мәлімдеді. Компания акциялары 5,6%-ға төмендеп, бұл сектордағы басқа қағаздарға да қысым көрсетті.

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	501,95	0,59%	-0,9%
RUB/KZT	6,51	0,10%	1,7%
CNY/RUB	10,91	1,04%	-0,7%
EUR/USD	1,1809	0,32%	0,8%

АҚШ тұрғын үй нарығындағы жағдай күрделі күйінде қалып отыр: ұсыныстың шектеулі болуы, қымбат ипотeka және құрылыс шығындарының өсуі сатып алушылар белсенділігіне кері әсер етуде. Қаңтар айында қолданыстағы үйлердің сатылымы соңғы екі жылдан астам уақыттағы ең төменгі деңгейге түсті, бұл сектордың қалпына келуіне қатысты алаңдаушылықты күшейтеді.

Шикізат нарығында инвесторлар 1 наурызға жоспарланған ОПЕК+ отырысын да назарда ұстап отыр. Альянс сәуір айында мұнай өндіру көлемін түлігіне шамамен 137 мың баррельге артыру мүмкіндігін талқыламақ. Бұл шешім жаз мезгілінде сұраныстың маусымдық өсуін күту және АҚШ пен Иран арасындағы геосаяси шиеленіс аясында мұнай бағасының қымбаттауымен байланысты қарастырылуда.

* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%
Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>
Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Байланыс



Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.